

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TXBE9344>

***Н. Қ. Жүсіпов¹, М. Н. Баратова²**

^{1,2}Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУШЫЛЫҚ ЕҢБЕГІ

Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғалым, тіл білімінің зерттеушісі, тюрколог, мәдениет қайраткері, ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлының фольклортанушылық еңбектері жан-жақты қарастырылды.

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының фольклор саласындағы ізденіс-зерттеулері – алдымен ол жазған «Ер Сайын», «Тіл-құрал» т.б. деген еңбектерінен көрінеді. Бұл еңбектеріне ел арасынан және кітап пен қолжазбалар жүзінен жиыстырған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері кіреді. Мәселен, ғалымның жазған оқу құралдарында фольклор үлгілері ең алдымен жанрлық ерекшеліктері жағынан көзге түседі: оның ішінде ең жиі қолданылғаны – мақал-мәтелдер, сонымен қатар жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары үлгілері, батырлар жыры мен айтыс нұсқалары т.б. Ғалым өз еңбегінде мақал-мәтелдерді, бір жағынан дайын тілдік материал көзі ретінде қолданды. Екінші жағынан ғылыми, ағартушылық, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік т.б. мақсаттарда да пайдаланды. Еңбегінде фольклор үлгілерін саралап қайта-қайта қолдануы, жан-жақты талдауға түсіруі, ғылыми-бұқаралық сипатта жариялауы т.б. – бәрі фольклорист ғалымның ағартушы-демократиялық көзқарастарынан туындайтынын дәлелдейді.

Жалпы мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазақ фольклорын жинаудағы, жариялаудағы және зерттеудегі еңбектері қарастырылады.

Кілтті сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, фольклор, мақал-мәтелдер, Г. Н. Потанин, «Ер Сайын», «Тіл-құрал».

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынұлы – әдебиет зерттеушісі, тюрколог, тіл білімінің негізін қалаушы ғалым, баспасөз тілінің ұлттық үлгісін қалыптастырған журналист, ағартушы - педагог, өз елінің рухани дүниесін көтеруге көп еңбек еткен мәдениет қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлының құрастыруымен 1923 жылы Мәскеуде шығарылған «Ер Сайын» кітабының ішкі мұқабасында Г. Н. Потаниннің 80 жасқа толу мерейтойына арналған өлеңінің бірге берілуі де фольклортанушы ғалымның белгілі фольклорист – ғалым Г. Н. Потанинді ерекше ардақтағанын, ұстаз тұтқанын т.б. дiттейдi. Жалпы бұл – қазақ ауыз әдебиетi мен фольклорын ерiнбей, жалықпай, ұзақ жылдар бойы әрi жинап, әрi жариялап, әрi зерттеп жүрген ғалым Г. Н. Потанинге деген сол замандағы зиялы қауымның артынан айтқан үлкен алғысы едi.

Сонымен бiрге өмiрбаяндық деректер арасында Ахметтiң 1905–1908 жылдары Қарқаралыда ашылған тұңғыш қазақ медресесiнде ұстаз болғаны айтылады [1]. Мұнда Құнанбай қажы салдырған мешiт те, ақын Абай жиi тоқтап жүрген Г. Н. Потаниннiң мекен-жайы да сөз болады. Демек Ахмет те (32 жасар) ол қалада тұрған Г. Н. Потанинмен таныс болмауы мүмкiн емес. Керiсiнше, жиi өзара сұхбаттасып та, дәмдес бола жүрiп, Г. Н. Потанин кiтапханасымен де жете танысуы мүмкiн демекпiз. Сөз арасында, өмiр бойы фольклор үлгiлерiн жинауда, жариялауда, зерттеуде тәжiрибесi мол Г. Н. Потаниннен мол ақыл-кеңес алуы т.б. – бәрi, сөз жоқ, Ахмет Байтұрсынұлының фольклористiк қызметiне негiз болғаны анық.

Екiншi себеп, ел арасында ұстаздық қызмет атқаруда, 1896 жылдары Омбы, Ақмола, Семей мектептерiн басқарып тұрған белгiлi фольклорист-ғалым әрi А. Е. Алекторовпен [2] хабарласып, әрi Омбыда Н. М. Ильминскиймен [3] де таныс болуы болашақ фольклорист – ғалым Ахметтiң ел арасынан фольклор үлгiлерiн тездетiп жинаушылық қызметiне кiрiсуiне, әрi бұл iстiң ел тарихы үшiн маңызды екенiн түсiнуiне себеп болды. Сонымен қатар фольклор үлгiлерiнiң қайсысын қалай қағазға түсiру керектiгiн, мәтiннiң паспортын толтыру тәрiздi т.б. – жалпы фольклортанушы ғалымдарға қажеттi негiзгi жинау принциптерiнiң (сөзбе-сөз көшiру, мәтiндi өзгертпеу тәрiздi т.б.) алғы шарттары да осы кезде сарапталынды.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазылу барысында әр түрлі ғылыми әдістер қолданылды: тарихи-салыстырмалы, аналитикалық, типологиялық, тарихи функционалдық, нарративтік т.б.

Нәтижелер және талқылау

Байтұрсынұлы Ахметтің фольклор саласындағы ізденіс-зерттеулері – алдымен ол жазған оқу құралдарынан көрінеді. Алғашқы ұстаздық өмірі

кезіндегі ел арасынан және кітап пен қолжазбалар жүзінен жиыстырған ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін ғалымның өзі жазған оқу құралдарына кіргізіп отырғаны белгілі. Мәселен, Ахметтің қазақ тіл білімі тарихына қатысты жазған оқу құралдарында [4–6] дайын материал, дерек көзі есебінде келтірілген фольклор үлгілері ең алдымен жанрлық ерекшеліктері жағынан әр түрлілігімен көзге түседі: оның ішінде ең жиі қолданылғаны – мақал-мәтелдер, сонымен қатар жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары үлгілері, батырлар жыры мен айтыс нұсқалары т.б. Яғни мұндай фольклордың барлық жанрларын қамту тәрізді жинаудың академиялық түрін өз кезінде белгілі фольклорист ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеевтің де жинаушылық қызметтерінде кездесуі – бәрі қазақ фольклорын қағазға түсіруде белгілі бір ортақ сарындастықтың, жинаушылық қызметтегі тәжірибе үндестігінің т.б. болғанын дәлелдейді.

Ғалымның қазақ тілі негіздерін оқытудың ұлттық үлгісін дәйектеген оқу құралдарында жиі, әрі өте көп фольклор үлгісі – мақал-мәтелдер екені анық. Көлем жағынан қарағанда, бір еңбекте [7] мақал мен мәтелдер саны – 10 шақты болса, екінші бірінде [8] – 15 үлгісі бар.

Бұл жинақтардағы мақал-мәтелдер көбінесе пысықтау-жаттығулар үшін қажетті дайын материал ретінде қолданылған. Мұнда белгілі бір әріп мәнін ұғындыруда, одан буын жасап сөз құрау, одан әрі сөйлем жасауға т.б. дейінгі бүкіл сөзжасам жүйесіне қатысты материалдарды, бұдан туындайтын белгілі бір теориялық ұғымдарды түсіндіру мақсатында Ахметтің мақал-мәтелдерді пайдалануы кездейсоқ емес. Тегінде ғалым бұл мақал-мәтелдердің өздерін еңбегіне іштей іріктеп, жіктеп, саралай отырып, балалардың ой-санасына сіңімді, таным-қабілетіне орай, жас ерекшеліктерін ескере отыра енгізген тәрізді. Ондағы мақсат: әр халықтың ұлттық ерекшеліктері көбінесе өзінің төл мәдениеті – фольклоры арқылы көрінері анық. Демек, осы фольклор үлгілері арқылы А. Байтұрсыновтың балалар бойына ана сүтімен бірге қазақ тілі құдіретін жеткізе алатын бірден-бір күш фольклорлық, яғни халықтық мұра деп түсінгендігі байқалады.

Екінші жағынан, бұларды фольклортанушы Ахмет жас балалар үшін: бірде танымдық-информациялық мақсатта пайдаланса, мәселен, «Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан», «Ат болар тай саяққа үйір, адам болар бала қонаққа үйір» т.б. [9].

Мұндағы танымдық деп отырғанымыз, аталары көшпелі тұрмыста болған жастар үшін жылқы, түйе т.б. малы таңсық емес, бірақ та олардың сыр-сипатына, мінез ерекшелігіне қатысты т.б. атадан-балаға мирас болған бабалар сөзі-қайткенмен сол заман үшін таным, білім көзі болғаны анық. Екіншісі - Ахметтің фольклорды ағартушылық, үлгі-өнеге мақсатында

қолданылуы, мәселен, «Оқу-білім азығы, білім-ырыс қазығы», «Білім жұғысады, ырыс ауысады», «Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады», «БІлғи қойшы болсаңдар, құл боларсың. // БІлғи тойшы болсаңдар, қу боларсың» т.б. [10].

Міне, мұндай ғалым Ахметтің ізденушілігінен ағартушылық-демократтық көзқарасы да танылады. Яғни халық болашағы-білімділікте, біліктілікте, бірлікте т.б. екенін саралаған ғалым, осы төңіректе ғасырлар бойы айтылған ел даналарының сөздерін ізерлей де, іріктей отырып, оқулық ішіне мольнан енгізуі-бәрі, сөз жоқ, фольклорист-ғалымның тек фольклорды жинаушы ретінде ғана танылуымен қатар, оларды жариялағанда да белгілі бір талаптарға сәйкес болуын да мақсат тұтқандығын діттейді.

Және де осы оқулық ішінде Ахмет мақалдың бірнеше вариантын да келтіреді. Мәселен, «БІлғи қойшы болсаңдар...» деп басталатын мақалдың келесі бір жерде 2-ші варианты да көзге ұшырасады: «Бәрің бірдей қойшы болсаңдар, құл боларсың. // Бәрің бірдей тойшы болсаңдар, қу боларсыңдар».

Жалпы әлемдік фольклортану тарихында қалыптасқандай, варианттарды (яғни фольклорлық үлгіні) бір-бірінен мына ретте салыстырады:

- а) мазмұнда айырмашылық бар ма?
- ә) кейіпкерлер өзгерген бе?
- б) олардың іс-әрекеті, сөз өзгерген бе?
- в) тілде, стильде жаңалық бар ма? (қысқартып немесе басқа сөзбен беру т.б.)

Әдетте, салыстырулардың мұндай белгілері фольклордың оқиғалы, сюжетті т.б. үлгілеріне көбірек сай келеді. Дегенмен екі нұсқа арасында мазмұнда да, кейіпкерлерінде де (қойшы-тойшы, құл-қу), олардың іс-әрекеттерінде де (болсаңдар-боларсың) т.б. өзгеріс жоқ, мақалдағы мағыналық тұтастық сақталған, өзгеріс жоқ. Тек сөз басталуындағы «ылғи» сөзі келесісінде «бәрің бірдей» деген сөз тіркесімен алмастырылған.

Әйтсе де осы тәрізді мақалды жиі қолданылуында да астыртын саяси мән де жоқ емес. Дағдылы көшпелі кәсіппен, яғни мал бағумен ғана шұғылдана бермей, басқа да маман иелерін игеруге жастарды астыртын үгіттеу, насихаттау үлгісі де бар.

Үшіншісі – ғалым Ахмет фольклорды – даналыққа баулу, тәрбиелік-эстетикалық мақсат көзі деп тануы. Мәселен, «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, құйма құлаққа айтсаң құйып алар», «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» т.б. [9].

Халық өз тарихында бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Осы тұрғыда көптеген фольклорлық үлгілерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді де тудырғаны белгілі. Әдетте белгілі бір мақал-мәтелдің тууы тарихы бір күндік емес, бірнеше ғасырларға созылары анық. Яғни халық өзінің өмір бойы жиған-

терген білімін, бай тәжірибесін, мәдениетін т.б. бәрін осы фольклорлық нұсқа, мақал-мәтелдер арқылы атадан балаға мирас етіп қалдырып отырған. Демек бұдан біз фольклортанушы Ахметтің халық поэзия үлгілерін көненің көзі, сөз өнері, ескерткіш мұра деп сараптауын танымыз.

Төртіншісі – фольклорист-ғалым мақал-мәтелдерді денсаулық байлығын, қадірін дәріптеуге арнайды. Мәселен, «Денсаулық – зор байлық», «Ішің ауырса, аузыңды тый» т.б. [9].

Әдетте шығыс халықтары түсінігінде «денсаулық» деген ұғым 3 түрлі ұғымның толысуынан туындайтыны белгілі: бірінші денсаулық деп – жеке басының денсаулығын айтады. Екіншісі – «ақ жаулық» делінеді. Яғни жеке адам баласының денсаулығы, сондай-ақ, болашақ жарының адал, адамгершілігі мол, ақ көңілді, кең пейіл т.б., «ақ» - жақсы ұғымымен сыйымды болуымен байланыстырылады. Үшіншісі – «он саулық» делінеді. Мұндағы мақсат: адамның жеке басының саулығы да, жарының адалдығы да т.б. бәрін де тіршілік көзі ретінде малдың керектігі. Яғни адамның жан мен тән саулығы үшін азық көзі қанша керек болса, мал да сонша қажет дегені. Тек осы үшеуі бір адам басына түйіскенде ғана – ол адамның дені сау деп түсінген. Міне, осындай түсінік атаулыны балаға ерте жастан есіне түсіре отырып, жастайынан денсаулықты бағалауға, қастерлеуге, сақтай білуге шақыру, жеке бас тазалығына үгіттеу мен насихаттау – оқулық маңызын арттыра түсіретіні анық.

Ғалымның келесі «Тіл-құрал» еңбегінде (Орынбор, 1914) қолданылған мақал-мәтелдер шоғыры белгілі бір игерілген теориялық тұжырымдарды меңгерту, таныту, есте ұстату т.б. тәрізді мақсаттарды дағдыландыру, пысықтау, ширату, сынау жаттығулары есебінде алынған. Мәселен, жеке сөз, сөйлем жасау мақсатында – 38; сөзді буынға бөлу, буынды жеке-жеке дыбыстарға бөлу ерекшеліктерін ашу үшін – 28; ажыратылған дыбыстарды пысықтауда – 100; ал, жазу қағидаларын есте ұстату үшін – 130 шақты мақал-мәтелдер шоғыры (кейбіреулерінің қайталанатын тұстары да жоқ емес) келтірілген [9].

Сондай-ақ аталымдағы еңбекте атауыш сөздерді өткенде дағдыландыру жаттығулары үшін – 127 мақал-мәтел алынса, оның: зат есімді өткенде – 40; сын есімде – 24; сан есімде – 17; есімдікте – 19; етістік бөлігінде – 27 шақтысы қамтылған.

Біраз келтірілген мақал-мәтелдер бірнеше рет қайталанатын: «Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға», «Не ексең соны орасың», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» т.т.

Қорытынды

Міне, байқап отырсаңыз, фольклортанушы Ахмет – өз еңбегінде мақал-мәтелдерді, бір жағынан дайын тілдік материал көзі ретінде қолданса,

екіншіден, олардың арасынан ағартушылық, танымдық, тәрбиелік т.б. қызметтер атқаратын үлгілерін саралап қайта-қайта келтіруі т.б. бәрі фольклорист ғалымның ағартушы-демократиялық көзқарастарынан туындайтынын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Әкімов, А.** Қарқаралыдағы тұңғыш қазақ мектебі // Ұлан. – 30 тамыз. – 1990.
2. **Әуезов, М.** Ақаңның елу жылдық тойы // Ақжол. – 4 февраль, 30 тамыз. – 1990.
3. **Мектепов, А., Әнесов, Ғ.** Ана тілін түрлеген Ахаң // Жалын. – 1989.
4. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. – Орынбор, 1914. – 53 б.;
5. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл-құрал. – Қызыл-Орда, 1925. – 39 б.;
6. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл – жұмсар. – Қызыл-Орда, 1928. – 46 б.
7. **Байтұрсынұлы, А.** Оқу құралы. – Орынбор, 1912. – 40 б.
8. **Байтұрсынұлы, А.** Әліп би. – Қызыл-Орда, 1928. – 116 б.
9. **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы. – А. : Ана тілі, 1992. – Б. 45, 46, 76, 78, 144–160.
10. **Байтұрсынұлы, А.** Сауат ашқыш. – Семей, 1926. – 83 б.

References

1. **Akimov, A.** Qarkaralydaғы tūñğyş qazak mekteбі [The first Kazakh school in Karkaraly]. Ūlan. – 30 tamyz. – 1990.
2. **Auevov, M.** Aqañnyñ elu jyldyq toiy [The fiftieth anniversary of Akan]. Aqjol. – 4 fevral, 30 tamyz. – 1990.
3. **Mektepov, A. Anesov, G.** Ana tilin türlegen Ahañ [Ahan, who diversified his native language]. Jalyn. – 1989.
4. **Baitursynuly, A.** Til-qural. – Orenburg, 1914. – 53 p.;
5. **Baitursynuly, A.** Til-qural. – Kyzyl-Orda, 1925. – 39 p.;
6. **Baitursynuly, A.** Til-jumsar. – Kyzyl-Orda, 1928. – 46 p.
7. **Baitursynuly, A.** Oqu quraly [Textbook]. – Orenburg, 1912. – 40 p.
8. **Baitursynuly, A.** Älip bi [Alphabet]. – Kyzyl-Orda, 1928. – 116 p.
9. **Baitursynuly, A.** Til tağylymy [Language lessons] – Almaty. : Ana tili, 1992. – P. 45, 46, 76, 78, 144–160.
10. **Baitursynuly, A.** Sauat ašqyş [Literacy opener]. – Semey, 1926. – 83 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

*Н. К. Жусупов¹, М. Н. Баратова²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

ФОЛЬКЛОРИСТИЧЕСКИЙ ТРУД АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

В данной статье подробно рассмотрены фольклористические труды основоположника казахской литературоведческой науки, исследователя языкознания, тюрколога, деятеля культуры, просветителя – Ахмета Байтурсынова.

В статье рассматриваются поисково-исследовательские работы Ахмета Байтурсынова в области фольклора, такие как : «Ер Сайын», «Тіл-құрал» и др. Эти произведения включают образцы устной литературы и фольклора, собранные из книг и рукописей. В учебных пособиях, написанных ученым, образцы фольклора выделяются прежде всего жанровыми особенностями: наиболее часто употребляемыми являются пословицы, поговорки, загадки, ораторские слова, сказки, образцы бытово – обрядовых песен, айттыса, героические эпосы и др. В своем труде ученый использовал пословицы и поговорки, с одной стороны, как источник готового языкового материала. С другой стороны, в научных, просветительских, познавательных, эстетических, воспитательных и др. целях. В своих работах он неоднократно применял образцы фольклора, подвергал их всестороннему анализу, публиковал в научно - массовом характере и т.д. Все это доказывает просвещенно-демократический взгляд ученого-фольклориста.

В статье подробно рассматриваются труды Ахмета Байтурсынова по сбору, изданию и изучению казахского фольклора.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, фольклор, пословицы и поговорки, Г. Н. Потанин, «Ер Сайын», «Тіл-құрал».

*N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 12.12.22.

FOLKLORE WORK OF AKHMET BAITURSYNOV

This article describes in detail the folklore works of the founder of the Kazakh literary science, linguistics researcher, Turkologist, cultural worker, educator – Akhmet Baitursynov.

The article discusses the search and research works of Akhmet Baitursynov in the field of folklore, such as: «Er Sayyn», «Til-kural», etc. These works include samples of oral literature and folklore collected from books and manuscripts. In the textbooks written by the scientist, folklore samples are distinguished primarily by genre features: the most commonly used are proverbs, sayings, riddles, oratorical words, fairy tales, samples of everyday ritual songs, aitys, heroic epics, etc. In his work, the scientist used proverbs and sayings, on the one hand, as a source of ready-made language material. On the other hand, in scientific, educational, cognitive, aesthetic, educational, etc. goals. In his works, he repeatedly used samples of folklore, subjected them to a comprehensive analysis, published them in a scientific mass character, etc. All this proves the enlightened democratic view of the folklore scholar.

The article discusses in detail the works of Akhmet Baitursynov on the collection, publication and study of Kazakh folklore.

Keywords: Akhmet Baitursynov, folklore, proverbs and sayings, G. N. Potanin, «Er Sayyn», «Til-kural».

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz